ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Степногорск қаласының әділет басқармасы
Заңды тұлғаның мемлекеттік
қайта тіркеу жүргізілді
Тіркеу № 860-1902-16-МК
Анықтама тіркелген күні

Степногорск қаласы әкімдігінің
2018 жылғы «24» 07
№ а-2/470 қаулысымен
бекітілген

**Степногорск қаласының білім бөлімінің жанындағы**
**«Мерей» № 6 балабақшасы»**
**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның**
**ЖАРҒЫСЫ**

Степногорск қаласы, 2018

**Степногорск қаласының білім бөлімінің жанындағы «Мерей» №6 балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның ЖАРҒЫСЫ**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Степногорск қаласының білім бөлімінің жанындағы «Мерей» №6 балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі-Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Степногорск қаласы әкімдігінің 2007 жылғы «03» желтоқсандағы № ә-17/592 «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді қайта құру туралы» қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы, сонымен қатар оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Степногорск қаласының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Степногорск қаласының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:
Степногорск қаласының білім бөлімінің жанындағы «Мерей» №6 балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 021428, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Шаңтөбе кенті, 1-шағынаудан, № 22 ғимарат.

## 2-тарау. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше көзделмесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні білім беру саласында мектепке дейінгі тәрбиені жүзеге асыру:

1) балаларды балабақшаға қабылдау Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өкілетті органымен бекітілген, мектепке дейінгі тәрбие және білім беру саласында мемлекеттік қызметтер стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Балаларды уақытша немесе тұрақты мерзімге қабылдау бос орын болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі. Бір мектепке дейінгі ұйымнан басқа ұйымға орын ауыстыру ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2) Кәсіпорын мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынастар шартпен реттеледі, ол баланың мектепке дейінгі ұйымға түскен кезінде жасалады.

3) шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсынудың деңгейі мен мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау үшін төлем мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де шарттар айқындалады.

4) мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілер тобы болып табылады. Топ бір жасты немесе әр жастағы принципі бойынша құрылады. Мектепке дейінгі ұйымның топтарын толықтыру Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Жоспарлы толықтырылуында кәсіпорынның келесі жастағы топтары болады:

2-ден 3 жасқа дейін – бірінші кіші топ – 20 баладан көп емес;
3-тен 4 жасқа дейін - екінші кіші топ - 25 баладан көп емес;
4-тен 5 жасқа дейін - орта топ - 25 баладан көп емес;
5-тен 6 жасқа дейін – ересектер тобы – 25 баладан көп емес.

5) топтар тәрбиеленушілердің келу уақыты бойынша ажыратылады және:
- толық болу;
- толық емес болу тәртібінде жұмыс істейді;

6) Кәсіпорында баланың орны келесі жағдайларда сақталады:
- баланың ауырған кезінде;
- баланы медициналық, шипажай - курорттық және өзге де ұйымдарда емдеу және сауықтыру;

- ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің біреуіне еңбек демалысын бергенде;

- баланы жазғы кезеңде екі ай мерзімге дейін сауықтыру.

7) балаларды балабақшадан шығару басшымен келесі жағдайларда жүргізіледі:

- баланы ұстау ай сайынғы төлемінің уақтылы төленбеуінен (белгіленген төлем мерзімінен 15 күнтізбелік күн төлемді кідірту);

- баланың әрі қарай келуіне кедергі болатын, денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болғанда;

- дәлелді себепсіз және әкімшілікті ескертусіз баланың бір айдан астам болмауы.

8) балабақшадан балаларды шығару тәртібі шартпен анықталады.

9) білім беру процесін ұйымдастыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес әзірленетін және бекітілетін, баланың жеке басын дамытуды және оны кейіннен оқытуды қамтамасыз ететін жалпы білім беру бағдарламасымен айқындалады және белгіленеді.

10) іске асырылатын білім берудің оқу бағдарламаларының тізбесі:
«Мектепке дейінгі тәрбие және білім берудің типтік оқу бағдарламасы»;
«Өзін-өзі тану» адамгершілік-руханибілім беру бағдарламасы;
қалалық сараптама кеңесінде бекітілген авторлық бағдарламалардың жұмыс нұсқалары.

11) оқу – тәрбие процесі балаларға арналған қызметтің ерекшелік түрлерін ескере отырып жүзеге асырылады: ойындар, құрастыру, бейнелеу, музыкалық, театрланған, қозғалыс белсенділігі, сондай-ақ әр балаға жеке көңіл бөлуді іске асыру мүмкіндігін қарастырады, жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың әртүрлі кіші топтармен жұмысты қарастырады.

12) оқу-тәрбие және ұйымдық-әдістемелік жұмыс әдіскермен, тәрбиелеушімен, логопедпен, педагог-психологпен, музыка жетекшісімен, қазақ тілі мұғалімдерімен, дене шынықтыру бойынша нұсқаушымен, жүзу бойынша нұсқаушымен, ағылшын тілі мұғалімімен, мейірбикелермен жүргізіледі.

13) ауызша тіл кемістіктерін жою бойынша балалармен түзету жұмыстарын логопед логопунктте жүргізеді.

14) санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленеді.

15) Кәсіпорынның қызметкерлері оқу-тәрбие процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

16) Кәсіпорында баланы тәрбиелеу мен оқыту алты топта орыс тілінде жүргізіледі.

17) сабақтардың тәртібі Кәсіпорын басшысымен бекітілген кестемен белгіленеді.

18) индикатор жүйесіне сәйкес білім беру саласы бойынша оқу жылында 3 (үш) рет тәрбиеленушілердің білімі мен дағдыларын дамыту деңгейінің мониторингісі жүзеге асырылады.

19) Кәсіпорында азық-түлік тағамдарын тұтынудың кепілдендірілген нормаларымен теңдестірілген тамақтану қамтамасыз етіледі. Тамақтану жиілігі жұмыс тәртібін ескере отырып ұйымдастырылады.

20) «Білім беру туралы» Заңын, «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын басшылыққа ала отырып, Кәсіпорын балаға қосымша ақылы білім беру қызметтерін (мемлекеттік стандарттан тыс) келесі бағыттар:

- көркем - эстетикалық;
- танымдық – сөйлеу;
- спорттық-сауықтыру;
- тілдік бойынша көрсетеді.

21) Кәсіпорын қызметінің басым бағытын және ата-аналардың (заңды өкілдерінің) сұранымдарын негізге алып, мемлекеттік басқару органымен келісу бойынша Кәсіпорын қосымша білім беру және сауықтыру қызметтерін көрсету тізбесін және тәртібін анықтауға құқылы.

22) ата-ана немесе заңды өкіл баланың ақылы қызмет көрсету уақытында болмауына (ауырған кезде) байланысты толық көлемде қосымша жеке сабақтар беруге және оқыту сапасын талап етуге құқылы.

23) әр білім беру қызметінің түріне оқу жылының перспективалық жоспары педагогикалық кеңеспен қабылданады және Кәсіпорын басшысымен бекітіледі.

24) Кәсіпорында білім беру қатынасына қатысушылар кәсіпорынның тәрбиеленушілері, тәрбиеленушілердің ата - аналары (заңды өкілдері), педагогикалық қызметкерлер және олардың өкілдері, Кәсіпорын болып табылады.

25) Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің құқығы Біріккен Ұлттар Ұйымымен қабылданған бала құқығы туралы Конвенциямен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, сондай-ақ тәрбиеленушілердің ата – аналары (заңды өкілдері) мен кәсіпорынның арасында жасалған білім беру туралы шартпен қорғалады.

26) Кәсіпорын тәрбиеленушілеріне кепілдік беріледі:

- өмірі мен денсаулығын сақтау;
- жеке тұлғаны қорлаудан, күш көрсету және психикалық зорлықтың барлық түрінен қорғау;
- оның қадір - қасиетін қорғау;
- эмоциялық - жеке қатынастағы қажеттілігін қанағаттандыру;

- жасы мен дамудың жеке ерекшеліктеріне сәйкес физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- оның шығармашылық қабілеттерін және мүдделерін дамыту;

- қосымша (оның ішінде ақылы) білім алу және медициналық қызметтер алу;

- оқу құралдарын, ойыншықтарды, ойындарды, оқу жабдықтарын ұсыну.

27) Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) жауапкершілігі және міндеттері, құқықтары.

28) Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің ата-аналары (заңды өкілдері):

- балаға отбасында мектепке дейінгі білім беруге. Отбасында мектепке дейінгі білім алып жүрген бала, оның ата-анасының (заңды өкілінің) шешімі бойынша білімін мектепке дейінгі білім беру мекемесінде жалғастыруға құқылы (кезекке сәйкес);

- кәсіпорын Жарғысымен, білім беру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясымен, оқу-бағдарламалық құжаттамалармен және басқа да білім беру қызметін жүзеге асыруды және Кәсіпорынның қызметін реттейтін құжаттармен танысуға;

- білім беру мазмұнымен, пайдаланатын оқыту және тәрбиелеу әдістерімен, білім беру технологияларымен танысуға;

- балалардың заңды мүдделерін және құқықтарын қорғауға;

- тәрбиеленушілердің барлық жоспарланған тексеріс түрлері туралы (психологиялық, психологиялық-педагогикалық) ақпарат алуға, сондай-ақ тексерістер өткізуге келісім беруге немесе қатысуға, оларды өткізуден бас тартуға немесе оған қатысудан бас тартуға, өткізілген тексерістердің нәтижелері туралы ақпарат алуға;

- Кәсіпорын Жарғысымен айқындалған нысанда Кәсіпорынды басқаруға қатысуға құқылы.

29) тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері):

- баланың жеке тұлғасының физикалық, адамгершілік және зияткерлік даму негіздерін қалауға;

- тамақтану мен қосымша білім беру қызметтерінің төлемін қоса, баланы МДҰ ұстауға жұмсалған шығындарды толтыруға;

- Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін, тәрбиеленушілер сабақтарының тәртібін орнататын, жергілікті нормативтік актілердің талаптарын, тәрбиеленушілер мен (немесе) олардың ата-аналары (заңды өкілдері) және Кәсіпорын арасындағы өзара білім беру қатынасын реттеу тәртібін және сол қатынастарды туындатуды, тоқтатуды және қысқартуды ресімдеу тәртібін сақтауға;

- тәрбиеленушілердің және Кәсіпорынның білім беруге қатысты басқа қатысушылардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) міндеттері мен басқа да құқықтары қолданыстағы заңнамамен, білім беру туралы шартпен белгіленеді.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты жалпы орта білім мен мектепке дейінгі тәрбие арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету жолымен білім беру үдерісін жүзеге асыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) тәрбиеленушілер мен оқушылардың дене бітімдік және психикалық дамуын, денсаулығын нығайту және сақтау үшін оңтайлы жағдай жасау;

2) баланың жеке тұлғасын жан-жақты дамыту;

3) бала дамуындағы кемшіліктерді түзетуге білікті көмек алу;

4) алғашқы (дәрігерге дейінгі) медико- санитарлық көмек көрсету;

5) балалардың денсаулығын және өмірін сақтау;

6) балалардың дене бітімдік дамуы үшін жағдай жасау, оның жеке тұлғасын қалыптастыру, оны туған мәдениетінің бастауларына, ұлттық салт-дәстүрлерге және әдет-ғұрыпқа бейімдеу;

7) азаматтыққа тәрбиелеу, халқының, қоғамның, мемлекеттің, отбасының алдындағы жеке міндеттері мен құқықтарын сезіндіру;

8) салауатты өмір салты мен адамгершіліктің берік негіздерін қалыптастыру;

9) баланың тұлғалық және рухани мүмкіндіктерін ашу;

10) табиғатты сүюге, табиғи қорларды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу, оларды табиғатты қорғау жұмысына тарту;

11) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен қарым-қатынас жасау, баланың денсаулығын сақтау және баланы дамыту,оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға әдістемелік және кеңестік көмек көрсету;

12) мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыздандыру;

13) білім беру нысандарын антитеррорлық қорғау бойынша іс-шаралармен қамтамасыздандыру.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі уәкілетті органы «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, Степногорск қаласы әкімдігінің, прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

## 4. Кәсіпорынды басқару

17. Степногорск қаласының әкімдігі немесе Шаңтөбе кентінің жергілікті қоғамдық жиналысымен келісу бойынша:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін айқындайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануды және сақтауды бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып табылады.

19. Уәкілетті орган «Степногорск білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

20. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін, егер осы Заңмен және осы Кәсіпорынның жарғысымен өзгеше көзделмесе, Заңмен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

21. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті орган «Степногорск қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кандидатурасын ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағанына.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Кәсіпорынның басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша, оған дербес жауапкершілігімен, шаралар қолдануға міндетті.

23. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару бірыңғайлық және коллегиалдық басқару принциптерімен құрылады. Коллегиалдық басқару кеңесінің түрлері: педагогикалық,қамқоршылық.

24. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдарымен, мүдделі мемлекеттік органдармен және басқа жеке және/немесе заңды тұлғалармен қарым-қатынас жасайды.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз өкілеттіктерін орындауды өтеусіз негізде жүзеге асырады.

25. Қамқоршылық кеңестің құрамы тиісті саланың уәкілетті органымен немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органымен бекітіледі және Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады.

26. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;

2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;

3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);

4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір топтан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;

5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Білім беру ұйымының жанында құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

27. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің өкілеттігіне кіреді:

1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

4) қазақстандық азаматтарының отбасына жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуы туралы шешім қабылдайды;

6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстарды әзірлейді;

7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

8) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары басшысының бос лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығарады және келіседі;

9) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін сапалы ұсыну, қайырымдылық көмектің жұмсалуы және қазақстандық азаматтарының отбасыларына жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде қабылданатын шаралар туралы есебін тыңдайды;

10) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

11) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологін қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

28. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша;

2) білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

1) өз бастамасы бойынша;

2) білім беру ұйымындағы орнында 3 (үш) ай бойы болмауы себебі бойынша Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығуы мүмкін.

29. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісімен белгіленген тәртіпте Кәсіпорын банкрот деп танылған

немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттық немесе оңалту басқарушысы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттық немесе оңалту басқарушысына өтеді.

## 5. Кәсіпорынның мүлкі

30. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

31. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

32. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

33. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

34. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

35. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

36. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

37. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

38. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 – баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

39. Кәсіпорын жедел басқару құқығында осы Жарғының 37-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Степногорск қаласы әкімдігінің жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

## 6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

40. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

41. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

42. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

## 7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

43. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жедел басқару құқығындағы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

## 8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

44. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес, уәкілетті орган «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі немесе жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## 9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

46. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату

жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін алып қоюға жол берілмейді.

47. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікта болады.

## 10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

48. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшері жыл сайын уәкілетті орган «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен, немесе Степногорск қаласының әкімдігімен не Шантөбе кентінің жергілікті қоғамдық жиналысымен келісу бойынша белгіленеді.

49. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбек ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

50. Степногорск қаласының әкімдігі коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді.

## 11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

51. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

52. Балабақшаның педагогы болып арнайы педагогикалық білімі бар, медициналық комиссиядан және басшы тағайындаған сынақ мерзімінен өткен жағдайда Қазақстан Республикасының кез келген азаматы болуы мүмкін.

53. Кәсіпорын қызметкерлері:

1) лауазымына байланысты балабақшаның қызметіне қатысуға;

2) балабақшаның басқаруына қатысуға;

3) еңбек шартына және біліктілік санатына сәйкес кепілдік еңбекақы алуға;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбекті қорғауға;

5) сенбі және жексенбі күндері берілетін демалысқа, сондай-ақ жыл сайынғы ақылы демалысқа;

6) қолданыстағы заңнамаға, еңбек және ұжымдық шарттарға сәйкес басқа да құқықтарға ие болуға құқылы.

54. Кәсіпорын қызметкерлері:

1) осы Жарғыны сақтауға;

2) лауазымдық міндеттерін, ішкі тәртіп ережелерін орындауға;

3) өз еңбегінің нәтижелеріне жауап беруге;

4) балаларды күтуде қолданыстағы медициналық – педагогикалық нұсқаманы басшылыққа алуға;

5) еңбек ұжымының жалпы жиналыс шешімдерін орындауға;

6) қолданыстағы заңнамаға, еңбек және ұжымдық шарттарға сәйкес басқа да міндеттерді орындауға;

7) өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде киімнің іскерлік стилін ұстануға міндетті.

55. Баланың денесіне немесе моральдық-психологиялық залал келтіруге себеп болған қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте дербес жауапкершілікке тартылады.

56. Кәсіпорын қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте жыл сайын тегін медициналық алдын алу мақсатымен тексерулерден өтуге міндетті.

57. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

1) Кәсіпорынның жұмыс тәртібі сағат 7.30 - дан 18.00 - ге дейін.

2) Кәсіпорынның күнделікті жұмыс ұзақтығы 10,5 сағатты құрайды.

3) демалыс күндері – сенбі, жексенбі, мереке күндері.

4) қызметкерлердің демалыс уақыты Еңбек кодексімен, Ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен, бекітілген жұмыс кестесімен және ұжымдық шартпен көзделген.

## 12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

58. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Степногорск қаласы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

59. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Степногорск қаласының әкімдігі жүзеге асырады.

60. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе Степногорск қаласының әкімдігімен және Шантөбе кентінің жергілікті қоғамдық жиналысымен келісу бойынша қайта бөледі.

61. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## 13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

62. Коммуналдық Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Степногорск қаласының әкімдігі енгізеді немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы ұйымға өкілеттік беріледі.